



БҰЙРЫҚ

30.12.2019

Қаскелең қаласы

ПРИКАЗ

№ 19

город Каскелең

**«Қарасай ауданының дене
шынықтыру және спорт бөлімі»
ММ-нің 2020-2022 жылдарға
арналған бюджеттік бағдарламаларын
бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 32-бабына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қарасай ауданының 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы» № 50-3 шешімінің негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қарасай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары осы бұйықтың 1, 2, 3, 4, 5 және 6 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы

С. Камзанов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарасай ауданының экономика
және бюджеттік жоспарлау
бөлімінің басшысы

Ж. Ногайбаев

«30»

2019 ж.

2- Қосымша

Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың 2-қосымшасы

«Қарасай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 19 бұйрығымен бекітілді
(мөрдің орны)



БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА

4651033 - «Қарасай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы

2020-2022 жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның коды және **465 004 - «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары есебінен»**

Бюджеттік бағдарламаның басшысы - Камзанов Серик Сайлауханович

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV ҚР Бюджеттік Кодексінің 32 бабы, Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығының 4 тарау 17-27 тармақтары және Қарасай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қарасай ауданының 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы» №50-3 шешімі.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай: ауданның бюджеттік бағдарламасы

мазмұнына қарай: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету

іске асыру түріне қарай: жеке бюджеттік бағдарлама

ағымдағы/даму: ағымдағы бюджеттік бағдарлама

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер, бюджеттің орындалу нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау, жоспарланған тікелей және түпкілікті нәтижелермен бюджеттің тиімді және уақытылы орындалуы, аудан қаражатын тиімді басқару, бюджеттің орындалуы бойынша заң актілерін сақтауды қамтамасыз ету, бюджеттің орындалу бөлігінде қызмет сапасын арттыру, бюджеттің орындалу нәтижесіне әсер ететін көрсеткіштерді жақсарту, мүлікті есепке алу жұмыстарын толығымен қамтамасыздандыру.

Бюджеттік бағдарламаның міндеті (түпкілікті нәтижесі): Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер. Бюджеттен бөлінген қаржыны толық және мақсатты пайдалану, сонымен қатар меншіктің сақталуын қамтамасыз ете отырып ақша және материалдық қордың дұрыс пайдалануын қадағалау жұмыстарын жүргізу.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) - Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер және реформалардың жүргізілуіне бағалау ауданның бюджеттік, салықтық, инвестициялық саясатта негізгі бағыттары мен басымдылықтарын жоспарлау және жасау, бөлімнің жұмысын қамтамасыз ету бойынша қаржыландыру.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы:

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2019 ж	2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж
<u>Мемлекеттік органның күрделі шығыстары</u>	мың теңге	150	300	312	324,5	337,5
Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың теңге	150	300	312	324,5	337,5

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды және атауы: 015 - «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі: 015

мазмұнына байланысты: мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан шығатын мемлекеттік қызметтерді көрсету

ағымдағы/даму: ағымдағы жылдық бағдарлама

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) мақсаты: Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер, бюджеттің орындалу нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау, жоспарланған тікелей және түпкілікті нәтижелермен бюджеттің тиімді және уақытылы орындалуы, аудан қаражатын тиімді басқару, бюджеттің орындалуы бойынша заң актілерін сақтауды қамтамасыз ету, бюджеттің орындалу бөлігінде қызмет сапасын арттыру, бюджеттің орындалу нәтижесіне әсер ететін көрсеткіштерді жақсарту, мүлікті есепке алу жұмыстарын толығымен қамтамасыздандыру.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2019 ж	2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж
Мемлекеттік органдарды жабдықтау үшін тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу	Дана	1	1	1	1	1
Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері	%	100	100	100	100	100
Сапа көрсеткіштері	%	100	100	100	100	100

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2019 ж	2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж
<u>Мемлекеттік органның күрделі шығыстары</u>	мың теңге	150	300	312	324	337
Жалпы бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	мың теңге	150	300	312	324	337